

2021-2022 оқу жылындағы Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 3 «А» сынып оқушыларына жүргізілген тәрбие жұмыстарының талдауы

2021-2022 оқу жылындағы 3 «А» сыныбында тәрбие жұмысының жоспары 9 бағытқа негізделіп құрылды.

Ұстанған қағидам: Әрбір бала- бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем бер!


Өзекті мәселем: Қазақ халқының саналы да білімді ұрпағын тәрбиелеу.

Классаға оқушы саны- 20, ұлы-12, қызы- 8. Сыныпқа Ақтөбе қаласынан Иманғазин Алихан есімді жаңа оқушы қосылды.

Жоспарға сай жыл бойына жұмыстар жүргізілді. Барлық тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушылармен дәстүрлі және дәстүрден тыс форматта түрлі шаралар өтті. Қыркүйек айының басынан бастап оқушылар мектепшілік шараларға қатысты. Тіл мерекесіне орай ұйымдастырылған мектепшілік шараға оқушыларым Қанат Әмина, Рахатова Күнайым, Оразғали Әсемгүл қатысып, тіл туралы ақындардың өлеңдерін оқыды. Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай ұйымдастырылған мәнерлеп оқу сайысында Қанат Әмина қатысып, I орын иеленді. Күзгі демалыс кезінде аудандық мұражайға барып, аудан тарихымен танысты. «Елбасы салған сара жол» атты тәрбие сағаты тұңғыш президент күніне арналса, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған мерекелік шараға қатысты. Дербісов Нұрасыл мектепшілік сурет байқауына қатысып жеңімпаз атанды. Жаңа жылдық мерекелік шараға да оқушылар қатысып, өлең, тақпақтарын айтып, сыйлықтарын алды. «Мейірім әлемді құтқарады» аудандық бейнеүндеу жасау және сурет байқауына бірнеше оқушы қатысып, жүлделі орындар иеленді. Халықаралық әйелдер күніне орай «Қыз сыны» сайысы ұйымдастырылды. Ұлттық мереке – Наурыз мерекесі де аталып өтілді. Ұлттық ойындар ойнап, ұлттық тағамдар жеп, ұлттық әндер айтты. Оқушылар сонымен қатар үйірмелерге жыл бойы қатысып шықты. Спорт мектебі, саз мектебі, би үйірмесінің оқушылары жыл бойы ұйымдастырылған сайыстарға қатысты. Үйірме жетекшілерімен басқа аудандарға жарыстарға барып, жүлделі орындармен қуантып отырды. Мысалы Ербол Аслан Қандыағаш қаласында өткен жас шамасы бойынша бокстан жүлделі 2 орынмен, Оразғали Әсемгүл, Жақсыбаев Бекзат тоғызқұмалақ жарыстарына қатысып, жүлделі орындармен марапатталды. Оқушылармен мектеп психологі Сейталипа Сандуғаш жұмыс жасады. «Құқық бұзушылық неден басталады?» және «Бос уақытымда немен айналысамын?» тақырыбындағы тәрбие сағатына мектеп психологі Сандуғаш Сейталипа қатысты. Мектеп психологімен бірлесе отырып тренингтер жасалып, түрлі тапсырмалар орындалды. Оқушылар бос уақытты қалай тиімді өткізетіндері жайында эссе жазды. Биылғы оқу жылындағы соңғы тәрбие сағатын балалардың өтініші бойынша, оқушы үнін ескере отырып, жазғы каникул кезіндегі қауіпсіздікте түсіндіре отырып, «Жігіт сұлтаны» сайысымен жалғастырдым. Бірлік күнгі және осы сайыс сабақтарыма ата-аналар да қатысты.

Сәуір айында сынып оқушыларымен аудандық мәдениет үйіне «Менің атым- Қожа» кинофильмін көруге бардық. Және де биылғы оқу жылында бастау алған «Жарық жұлдыз» номинациясын сыныбымыздан үш оқушы Жақсыбаев Бекзат, Ербол Аслан, Оразғали Әсемгүл иеленді. Бұл оқушылар жыл бойы мектебіміздің атын спортта, өнерде жақсы нәтижелерімен танытып жүр.

Тоқсан бойы, сонымен қатар жыл соңында ата-аналармен жиналыстар өткізіліп отырды. Оқушылардың білім көрсеткіштері таныстырылды. Жыл ішінде кеткен кемшіліктер келесі оқу жылында басты назарға ұстауды тапсырдым. Жазғы демалыстағы қауіпсіздік ережелерін сақтауға бағыт берілді.

Сынып жетекшісі:  Ж.Манашова